

Баутин ауылы бойынша жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), жер учаскелері үшін төлемақының және жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы № 10/89 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 сәуірде № 3341 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 8 және 11 баптарына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 510 бабына сәйкес, Түпқараған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Кіріспесі жаңа редакцияда – Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 18.05.2018 № 20/176 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес Баутин ауылы бойынша жерді аймақтарға бөлу жобасы (схемасы), жер учаскелері үшін төлемақының және жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері бекітілсін.

2. "Түпқараған аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы А.Ізбен) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

Баутин ауылының әкімі

Д.Меңдіханов

17 наурыз 2017 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің

Д.Садықов

А.Досанова

Түпқараған ауданы бойынша
мемлекеттік кірістер басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы

Ж.Утепбергенова

17 наурыз 2017 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Түпқараған аудандық жер қатынастары,
сәулет және қала құрылысы бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Ж.Кулдашов

17 наурыз 2017 жыл


Түпқараған аудандық мәслихатының

2017 жылғы 17 наурыздағы

№10/89 шешіміне

1 қосымша

Баутин ауылы бойынша жерді аймақтарға бөлу жобасы (схемасы)



Масштаб 1:15000

Түпқараған аудандық
 мәслихатының 2017 жылғы
 17 наурыздағы №10/89 шешіміне
 2 қосымша

Баутин ауылы бойынша жер учаскелері үшін төлемақының және жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері

Аймақ №	Аймаққа енетін аумақтар	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері	Жер салығының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері
I	Каспий теңізінің жағалауы	2,0	1,5
II	Өндірістік және селітебітік аумақ	1,6	1,5

Аймақтардың сипаттамасы

I аймақ - Каспий теңізінің жағалауы. Жағаның ені - 1 шақырым, Баутин ауылының пайдалануындағы жағалау аймағының солтүстік-батыс бөлігінің шекарасымен өтіп жатыр.

II аймақ - өндірістік және селитебтік аумақ. Өндірістік құрылыстар жерлері, негізгі әкімшілік ғимараттар, жалпы білім беретін мектептер, балабақшалар, кітапхана, жеке меншік ұсақ дүкендер желісі, кафелер және мейрамханалар кіреді. Тұрғын массивтер газбен, электрмен және телефон байланысымен қамтамасыз етілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК